

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1048 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1868

"Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 U973636_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының 1997 жылға арналған нақтыланған бюджетін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1048 P971048_ қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін":

6-тармақтың төртінші абзацы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Зейнетақы қорының орталықтандырылған қаражатының есебінен қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемге 170 млн. теңге көзделсін";

7-10-тармақтар тиісінше 8-11-тармақтар болып есептелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі